Жаңалық ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында өткізілген семинар

ХАТТАМАСЫ

28 тамыз 2026 ж. **Жаңалық ауылы**
Сағат: 15-30

Қатысқандар: Жаңалық ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы К.Тлеулина, Жаңалық ауылдық округі әкімі аппаратының ұжымы. Барлығы 9 адам
Жиналыс төрағасы - округ әкімінің міндетін уақытша атқарушы К.Тлеулина
Хатшы – бас маман З.Копбосын

КҮН ТӘРТІБІ:

Жаңалық ауылдық округі әкімі аппаратында әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын фактілерге жол бермеу және олардың жолын кесу.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде мәселе бойынша Жаңалық ауылдық округінің әкімінің міндетін уақытша атқарушы К.Тлеулина семинарға қатысушыларды жиналыстың тәртібімен таныстырды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз кезегін бас маман – іс жүргізушіс Г.Ыдырышбаеаға берді.
2. Округ әкімі аппаратының бас маманы – іс жүргізушісі Г.Ыдырышбаева өз сөзінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі, қолданыстағы заңнамамен таныстырды. Кез келген бұзушылықты болдырмаудың басты факторы - заңдарды сақтау екенін атап өтті. Әрбір мемлекеттік қызметші өз міндеттерін толық көлемде орындау керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қатаң сақтау керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрбір азаматтың ерекше рөлін атап өтті. Әріптестерін кез келген сыбайлас жемқорлық фактілері туралы уақтылы хабарлауға міндетті екендігі туралы атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл тұралы заны, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі назарға алынсын.
2. Жаңалық ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері арасында осы тақырып бойынша бақылау шаралары басты назарға алынсын.
3. Осы хаттаманын орындалуын бақылау бас маман – іс жүргізуші Г.Ыдырышбаеваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы **К. Тлеулина**

Хатшы **З. Копбосын**